

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

24-сабақ

Тақырып: Арифметикалық есептеулер арқылы шешілетін логикалық есептер

Сынып жұмысы

1. Жираф кенгурудан 12 есе ауыр, ал піл жирафтан 5 есе ауыр. Егер үшеуінің салмақтары бірге 5т 110кг болса, жирафтың салмағын анықтаңыз.
2. Базарда 10 алманы 3 бананға алмастыруға болады. Ал бір бананды 3 алма мен 50 теңгеге алмастырады. Бір банан неше теңге тұрады?
3. Үстел мен алты бірдей орындық 20600 тг тұрады. Дәл осындай үстел мен төрт орындық 15800 тг тұрады. Үстел неше теңге тұрады?
4. Нәтижесінде ең үлкен сан қалатындай етіп, 1234123412341234 санының 11 цифрын өшіріңіз.
5. 3 аспаз 3 тортты 3 сағатта жасайды. 8 тортты 6 сағатта жасау үшін неше аспаз керек?
6. Бес аспазшы бес сағатта бес торт пісіреді. Он сағатта он аспазшы неше торт пісіреді?
7. Назира достарымен шеңбер бойына тұрды. Әр баланың екі көршісінің екеуі де, не ұл, не қыз екені белгілі. Назираның достарының ішінде қыздардың саны бес болса, дос ұлдарының саны қанша?
8. Күнді **Кк.Аа** форматында жазғанда, **$K+k=A+a$** теңдігі орындалса, ол күнді бақытты күн деп атаймыз. Мәселен, екінші қараша – бақытты күн, себебі $0+2=1+1$. Бір жылда неше бақытты күн бар?
9. Қалада трамвайлар жүретін 3 жол бар. Бірінші мен екінші жолда 24 аялдама, екінші мен үшінші жолда 27 аялдама, ал үшінші мен бірінші жолда 23 аялдама бар. Екінші жолда неше аялдама бар?
10. Әсет, Дастан және Нұржан бірге 120 кг, Берік, Дастан және Нұржан 110 кг, Берік, Дастан және Әсет 105 кг ал Берік, Әсет және пен Нұржан 115 кг болады. Беріктің салмағын анықтаңыз
11. Турнирге 15 шахматшы қатысты. Олардың барлығы бір бірімен 1 реттен ойнап шығалы. Жалпы неше ойын болған?
12. Футболдан чемпионатқа 16 команда қатысып жатыр. Барлық команда бір-бірімен дәл 1 рет ойнап шығады. Ойында жеңген команда 3 ұпай, ал жеңілгені 0 ұпай алады. Ал егер тең түссе 1 ұпайдан алады. Егер ойын соңында барлық ұпайлар қосындысы 350 болса, неше ойын тең болған?

13. Сынып оқушыларының 22-сі ағылшын тілін, 17-сі француз тілін оқиды. Ал 4-еуі екі тілге де барады. Сыныпта неше оқушы бар?

14. Жәрмеңкеге келген бір топ адамның 21-і айран, 15-і шұбат және 13-і қымыз ішіп көрген. 5 адам айран да, шұбат та ішкен, 4 адам шұбат та, қымыз да ішкен, ал 3 адам қымыз да, айран да ішкен. Егер үшеуінің де дәмін татып көрген адам болмаса, барлығы неше адам бар?

15. Сыныптағы оқушылар математика пәнінен бақылау жұмысында 15 бала теңдеуді, 12 оқушы тізбекті, 11 оқушы теңсіздіктерді шешті. Ал 7 оқушы теңдеу мен тізбекті, 5 оқушы тізбек пен теңсіздікті, 4 оқушы теңдеу мен теңсіздікті шығарды. Ал 3 оқушы барлық есептерді шығарған. Неше оқушы бар?